

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 қарашадағы N 1039 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 28 тамыздағы N 1271 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі іс-қымылдар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 қарашадағы N 1039 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2007 ж., N 42, 489-қүжат) мынадай

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі іс-қымылдар жоспарында:

"Мақсатқа қол жеткізу және қойылған міндеттерді іске асыру тетіктері" деген 2-бөлімде:

"Елдің ипотекалық нарығындағы тұрақтылықты, үлескерлердің құқықтарын қорғауды және құрылымды объектілерін аяқтауды қамтамасыз ету" деген 3-кіші бөлімде:

2 - к е з е н д е : 2 0 0 8 ж и л :

2 - T e T i K T e :

ұшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұрғын үй құрылышы объектілерінің санын оңтайландыруды ескере отырып және үлескерлердің санына, олардың келісуіне, дайындық өлшемдеріне және құрылыштың экономикалық орындылығына қарай жүргізілген тексеру нәтижелері комиссия қарауына ұсынылатын болады. Комиссияның қарау нәтижелері бойынша уәкілетті үйымдар үлескерлердің мұқтажы үшін объектілерді салуды қамтамасыз ететін болады.

Респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары заңнамаға сәйкес уәкілетті үйымдармен тұрғын-үй құрылышы кооперативтерінде (бұдан әрі - ТҚҚ) олардың пайдасына аяқталмаған тұрғын үй құрылышы объектілерін және орындалмаған міндеттемелер бойынша берешекті өтеу есебіне теріс пиғылды құрылыш салушылардан басқа да активтерді өндіріп алу туралы соттардың шешімдері болған кезде проблемасы бар объектілердің үлескерлері болып табылатын азаматтар құрган ТҚҚ-мен көрсетілген объектілердің құрылышын аяқтауға шарттар жасасуды қамтамасыз ететін болады.

Көрсетілген шарттар заңнамаға сәйкес қабылданған ТҚҚ мүшелері жалпы жиналдысының:

1) ТҚҚ-нің әрбір мүшесі теріс піғылды қурылыш салушыға бұрын төлеген үlestік

жарна сомасын ескере отырып, пәтерлерді ТҚҚ мүшелері арасында бөлу туралы;

2) уәкілетті органға ТҚҚ тиісті мүшесінің үлестік жарнаның қалған бөлігін төлеуі
түралы;

3) түрғын үй құрылышы объектісінің бос аландарын уәкілетті ұйымға беру туралы шешімі болған кезде жасалады.

Объектілердің құрылышы аяқталғаннан кейін бос аландар болған кезде олар комиссияның ұсынымы бойынша комиссияның шешімдерімен құрылышын аяқтау орынсыз деп танылған аяқталмаған түрғын үй құрылышы объектілерінің үлескерлеріне (олардың келісімімен) қайта бөлінуі мүмкін.

Комиссияның ұсынымы бойынша көрсетілген үлескерлер заннамада белгіленген тәртіппен осы объектінің ТҚҚ-сіне кіреді.".

2. Астана және Алматы қалаларының әкімдері осы қаулыдан туындастынышараларды қабылдастын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкінештік ақпарат институты» ШЖҚ РМК